

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ  
ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ



## V ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ

Алматы, Қазақстан, 3-13 сәуір 2018 жыл

Студенттер мен жас ғалымдардың

### «ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты халықаралық ғылыми конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 9-12 сәуір, 2018 жыл

2 ТОМ

## V МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Алматы, Казахстан, 3-13 апреля 2018 года

### МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции  
студентов и молодых ученых

### «ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 9-12 апреля 2018 года

ТОМ 2

## V INTERNATIONAL FARABI READINGS

Almaty, Kazakhstan, 3-13 April 2018

### MATERIALS

International Scientific Conference of  
Students and Young Scientists

### «FARABI ALEMI»

Almaty, Kazakhstan, April 9-12, 2018

Volume 2

## КИЕЛІ ОРЫН ҰҒЫМЫ: МӘНІ, АНЫҚТАМАСЫ ЖӘНЕ МАҢЫЗЫ

**Касайнова К.Е.**

*"Дінтану" мамандығы*

*1 курс магистранты*

*Ғылыми жетекші:*

*Байтенова Н. Ж.*

*ф. з. д., профессор*

«Киелі» сөзінің мән-мағынасы өте күрделі. Халқымыз осы ұғыммен зорлық-зомбылыққа, әділетсіздікке қарсылығын, адамның, табиғаттың, қоғамның арасындағы жарасымдылық пен үйлесімділікті сақтауға күштарлығын білдірген. Жүтірген анын, ұшқан құстың, жер мен судың, ерекше қасиетке ие адамның киесі ұрады деп, қоғамдық-саяси, рухани, экологиялық, әлеуметтік тұрақтылықты, ынтымақ пен ықпалдастықты бәрінен жоғары қойған.

Киелі орын – ол нақты географиялық объекті (ол тау, көшпелілер үшін жайылымды жер, көл, өзен, шатқал, асу т.б. нәрсе болуы мүмкін) болғандықтан белгілі бір тайпаның, ұлыстың немесе бір рулы елдің (рулас ағайын адамдардың) аруақтары мәңгілік жай тапқан орын да болуы мүмкін. Көптеген жағдайларда киелі орындарда «түрлі» ғұрыптық шара, іс-әрекеттер жасалады. Мысалға: қасиетті тау немесе ондаған жартаас бетіне сурет салынған таңбалы тастары бар орындар ру-тайпалық иелік болуы да; тіпті байырғы уақыттан бері дәстүрлі түрде барша қауымның арғы-бергі аталары жерленген қорым немесе ол жыл сайын ас беріп, құрмет білдіретін орын болуы (мұндай географиялық объектілер елдің түсінігінде күт қонған жер ретіндегі мәнге ие) мүмкін.

Киелі орындар туралы ұғым – ол, сол манды қоныстай жайылған елдің таным-түсінігінде сол аталған жердің қасиеті мен киелілігі танылып, көпшілікпен мойындалғаннан кейін ғана қалыптасқан. Киелі ұғымының қалыптасуы кейінгі орта ғасырлар тұсынан бастап халық арасында басым орын алды. Себебі, осы кездің өзінде шағын ғана аумақтағы жерлерде түрлі тарихи кезенді қамтитын ар-алуан ескерткіштер шоғыры молынан топталып, тіпті жіктеле де бастады.

Киелі орындар туралы ұғымды бүтінгі елдің таным-түсінігінде сол жердің қасиеті мен киелілігіне қоса, онері мен қалдыр-қасиеті, ақылдылығы мен қорегендігі, елді соңынан ерте білетін асқан қабілет, дарын иесі Әбілқайыр, Абылай хан, Исатай, Махамбет, Сырым батыр сияқты болумен ел сыйлысы болғандықтан ол көпшілікпен мойындалып, елге танылған біртуар атақты адамдардың Шоқан,